



«Home Credit Bank» АҚ
Директорлар Кеңесінің
Шешімімен бекітілген
№31/2024 хаттама
«31» қазан 2024 жыл

«Home Credit Bank» АҚ
ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕЛЕР

GENERAL TERMS AND CONDITIONS
OF OPERATIONS
Home Credit Bank JSC

DIN - BR00611

Алматы қ.

Анықтамалық ақпарат

Атауы:		«Home Credit Bank» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер			
Нұсқасы		11.00			
Бөлімше – жауапты әзірлеуші:		Ақшалай кредиттеу және қосымша өнімдер департаменті			
Қолжетімділік деңгейі:		Жалпы			
Жауапты әзірлеуші	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні	Байланыс тел.
	Бизнес талдаушы	А. Джунусова		31.10.2024 ж.	

Құжатқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың хронологиясы

Орындаушының аты-жөні	Нұсқасы	Сипаттамасы	Күні
	1.00	«Хоум Кредит Банк» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	01.10.2010
Садиебекова А.	2.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	14.08.2015
Павлова А.	3.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	27.03.2020
А. Джунусова	4.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	06.05.2020
Извекова А.	5.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	30.07.2020
А. Джунусова	6.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	31.05.2021
Акжаркенов Н.	7.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	18.06.2021
А. Джунусова	8.00	«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	18.02.2022
А. Джунусова	9.00	«Home Credit Bank» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	09.09.2022

Снегирева Е.	10.00	«Home Credit Bank» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	05.07.2023
А. Джунусова	11.00	«Home Credit Bank» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер	31.10.2024

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Терминдер және анықтамалар.....	4
3. Банктік шоттарды ашудың, қызмет көрсетудің және жабудың жалпы шарттары.....	5
4. Салымдарды қабылдау операциялары.....	6
5. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы шарттары.....	7
6. Төлем карточкаларын пайдалану операцияларының жалпы шарттары	8
7. Өзге операцияларды жүзеге асыру.....	9
8. Клиент пен Банктің құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.....	10
9. Клиенттермен жұмыс жасау тәртібі туралы ереже және банктік қызмет көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері.....	11
10. Банк қызметтерін ұсыну процесінде клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі.....	13
11. Қорытынды ережелер.....	14

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Home Credit Bank» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер (бұдан әрі – Ережелер) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінде, сондай-ақ «Home Credit Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарында Банктің банктік қызметтер көрсетуі кезіндегі жалпы шарттарды, рәсімдерді, талаптар мен шектеулерді айқындайды.
2. Осы Ережелерде белгіленген операцияларды жүргізудің жалпы шарттары ашық ақпарат болып табылады және коммерциялық немесе банктік құпияның нысанасы бола алмайды.
3. Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының, сонымен бірге ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып, шартта көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады.
4. Қабылданатын депозиттер мен берілетін кредиттердің тарифтерін, шекті сомалары мен мерзімдерін, депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларын Банктің Директорлар кеңесі бекітеді және осы Ережелердің ажырамас бөлігі болып табылады (осы Ережелерге № 1, 2, 3, 4-қосымшалар). Тарифтер шеңберінде жекелеген банк өнімдері бойынша жеке шарттар белгіленуі мүмкін.

2-тарау. Терминдер және анықтамалар

Ережелерде келесі терминдер қолданылады:

- 1) **банк қызметтері** – банктік қарыз операциялары, депозиттерді қабылдау, банктік шоттарды ашу және жүргізу, сондай-ақ уәкілетті орган берген лицензия негізінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиясыз Банк жүзеге асыратын өзге де операциялар;
- 2) **банк шоты** – Банк пен клиент арасындағы ақшаны қабылдау және (немесе) клиентке банктік қызмет көрсету жөніндегі шарттық қатынастарды көрсету үшін тиісті шарт негізінде Банктің клиентке ашатын шоты;
- 3) **салым** – банктік салым шартымен куәландырылған депозит;
- 4) **депозит** – клиент Банкке бірінші талап бойынша немесе қандай да бір мерзім ішінде, толық немесе алдын ала келісілген үстеме ақысы бар бөліктер бойынша немесе онсыз тікелей клиентке қайтарылуы немесе оның тапсырысы бойынша үшінші тұлғаларға берілуі тиіс екендігіне қарамастан, оларды номиналды түрде қайтару шартымен берілетін ақша;
- 5) **капитализация** – Салым бойынша есептелген пайыздарды пайыздар есептелетін қаражат сомасын ұлғайта отырып, салым есепке алынатын жинақ шотына аудару;
- 6) **клиент** – банк қызметтерін пайдаланушы немесе пайдалануды жоспарлайтын жеке немесе заңды тұлға;
- 7) **кредит (қарыз)** – Банк пен клиент арасында жасалған шартқа сәйкес ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында Банкпен ақшалай нысанда берілген кредит;
- 8) **кредиттік комитет** – өз құзыреті шеңберіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы бар тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;
- 9) **кредиттік лимит** – Банк клиентке ашқан кредит желісінің мөлшері;
- 10) **өтініш** – Банкке жіберілген жеке немесе ұжымдық жазбаша, ауызша не электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған электрондық құжат нысанында, ұсыныс, өтініш, шағым, сұрау немесе клиенттің/клиенттердің жауабы;
- 11) **төлем карточкасы** – клиентке шоттағы ақша сомасы шегінде төлемдерді, сондай-ақ ақша болмаған кезде Банк шарт талаптарында ұсынған карточка бойынша төлемдерді кредитке жүзеге асыруға мүмкіндік беретін карточка;

- 12) **төлем құжаты** – клиенттің банк шоты бойынша төлемдер мен ақша аударымдары бойынша клиенттің тапсырмаларын Банк орындайтын құжат;
- 11) **«Банк - клиент» жүйесі** – Клиентке интернет желісі арқылы клиент пен Банк арасында электрондық құжаттарды алмасу арқылы Банкте ашылған банк шоттарын қашықтан басқару мүмкіндігін беретін Банк жүйесі;
- 12) **Банктің скорингтік жүйесі** – кредит беру мақсатында клиенттің кредит қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін бағалауды жүзеге асыратын Банктің автоматтандырылған жүйесі;
- 13) **тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен банктік қызметтер мен операциялар үшін комиссиялар мен сыйақылардың мұндай қызметтерді төлеу және/немесе операцияларды жүргізу күніне әрекет ететін мөлшерлемелері;
- 14) **уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.
- 15) **Банктер туралы заң** - «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы.

3-тарау. Банктік шоттарды ашудың, қызмет көрсетудің және жабудың жалпы

шарттары 1. Банк шоттарын ашу

5. Банк шоттарын ашу, оларға қызмет көрсету және жабу Банктің ішкі нормативтік құжаттары, жасалған шарт және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес клиент ұсынған құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, Банк Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке және заңды тұлғаларына теңгемен де, сондай-ақ шетел валютасымен де банк шоттарын ашады. Банктің банк шотын ашу туралы Қазақстан Республикасының тиісті органдарын хабардар етуі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Банк шоттардың келесі түрлерін ашады:

1) Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес жеке тұлғаларының банктің ағымдағы және жинақ шоттары;

2) Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес заңды тұлғаларының, Қазақстан Республикасының оқшауланған бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) резидент және резидент емес заңды тұлғаларының банктің ағымдағы және жинақ шоттары;

3) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары.

8. Клиент банк шотын ашу үшін ұсынған құжаттардағы деректемелер өзгерген жағдайда (мысалы, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, клиенттің атынан қол қоюға құқығы бар тұлғалардың тегі немесе басқа ақпарат өзгерген кезде) клиент сол күні бұл туралы Банкті жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Кез келген осындай өзгерістер Банк оларды қабылдаған күні өз күшіне енеді. Банк талап етуге құқылы, ал клиент Банкке осы өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

2. Банк шоттарына қызмет көрсету

9. Банк шотына қызмет көрсетуді Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

10. Банк клиенттің тапсырмалары бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын клиенттің банктік шотындағы ақша қалдығы шегінде немесе белгіленген кредиттік лимит шеңберінде ғана жүргізеді.

11. Клиентке оның банк шоты бойынша негізгі және қосымша үзінді көшірмелер беріледі.

12. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, банк шотынан ақша алу клиенттің келісімімен жүргізіледі. Клиенттің банк шоты бойынша операцияларды тоқтата тұру және оның банк шотындағы ақшаға тыйым салу Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Банк мұндай

жағдайларда клиентке келтірілген залалдар үшін жауап бермейді.

13. Банк клиенттердің ағымдағы шоттарындағы (ұлттық және шетел валюталарында) ақшаға сыйақы есептемейді.

14. Банк шоты бойынша валюталық операцияларды жүргізуді Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

15. Үшінші тұлғалар Банк шоты бойынша барлық операцияларды клиент, заңды өкілдер, қамқоршылар берген нотариалды куәландырылған сенімхат негізінде ғана жүзеге асыруы мүмкін. Банк ішкі рәсімдерге сәйкес үшінші тұлғаларға операциялар жүргізуден бас тартуға құқылы.

16. Клиенттің банк шотына қызмет көрсетуге байланысты Банктің пошта және өзге де шығыстарын Клиент Банктің тарифтерінде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында белгіленген мөлшерде толық көлемде өтеуге тиіс.

3. Банк шоттарын жабу

17. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, банк шотын жабу клиенттің банк шотын жабу туралы өтініші бойынша кез келген уақытта жүзеге асырылады. Банктің клиенттің банк шотын жабу туралы Қазақстан Республикасының тиісті органдарын хабардар етуі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Клиенттің банк шотын жабу туралы өтінішін алғаннан кейін Банк шот бойынша ақша қалдығын клиентке береді немесе клиент көрсеткен деректемелер бойынша тиісті шартта белгіленген мерзімдерде аударады.

19. Банк мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің банк шотын жабуды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы мемлекеттік мекемеге банк шотын ашуға рұқсатты қайтарып алған жағдайда немесе осындай рұқсаттың қолданылу мерзімі өткен соң жүргізеді.

20. Банк осы банк шоты бойынша орындалмаған талаптар бар болған кезде, сондай-ақ клиент Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Банкке ұсынатын сыртқы экономикалық экспорттық-импорттық келісімшарттар бойынша клиентте орындалмаған талаптар болған кезде банк шотын жаппайды. Бұған клиенттің-заңды тұлғаның таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына байланысты банк шотының жабылу немесе клиенттің-заңды тұлғаның және клиенттің-жеке тұлғаның банк шотында бір жылдан астам уақытта ақшаның болмауы, клиенттің-заңды тұлғаның және клиенттің-жеке тұлғаның банк шотында бір жылдан астам уақытта ақша қозғалысының болмауы, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясынан айырылған жағдайда Банктің таратылуы, Банктің қайта ұйымдастырылу жағдайлары кірмейді.

4-тарау. Салымдарды қабылдау операциялары

21. Салымдарды орналастыру және жинақ шоттарын ашу Банктің ішкі нормативтік құжаттары, жасалған шарт және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес клиент ұсынған құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

22. Ақшаның салымға орналастырылатын шарттары клиент салымға ақша орналастырған кезде банктегі қолданыстағы банк өнімдерінің шарттарын негізге ала отырып айқындалады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше көзделмесе, Банк Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес заңды және жеке тұлғаларынан салымдарды теңгемен де, шетел валютасымен де қабылдайды.

24. Банк қабылдайтын салымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келесідей жіктеледі:

- 1) талап етілгенге дейінгі салымдар;
- 2) мерзімді салымдар;
- 3) жинақ салымдары;
- 4) шартты салымдар.

25. Шарт Банкке салым сомасы түскен күннен бастап жасалған болып саналады.
26. Шарт бойынша ақша клиенттің атына немесе болашақта Банктің клиенті болып табылатын белгілі бір үшінші тұлғаның атына енгізілуі мүмкін.
27. Шарт бойынша Банк клиенттен ақша қабылдауға, сол ақша бойынша шартта көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге және салымды Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта осы салым түрі үшін көзделген шарттарда және тәртіппен қайтаруға міндеттенеді.
28. Клиенттердің салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеулерде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шарттарда, сондай-ақ банк операциялары бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты тарату, оның ішінде оны жариялау кезінде белгіленеді.
29. Банк шарттың талаптарына сәйкес клиенттердің жинақ шоттарындағы салымның негізгі сомасына сыйақы төлейді. Салым бойынша сыйақы салымды сақтаудың нақты мерзімі үшін есептеледі, бұл ретте Банкке ақша енгізілген күн және шарттың қолданылуы аяқталған күн бір күн ретінде есептеледі.
30. Клиенттің жинақ шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жинақ шотындағы ақшаға тыйым салынған жағдайда Банк шығыс операцияларын тоқтата тұрудың және (немесе) жинақ шоты бойынша тыйым салудың бүкіл мерзімі ішінде салым бойынша сыйақы есептемеуге құқылы.
31. Есептелген сыйақыны капиталдандыру шарттың талаптарында көзделген жағдайда жүргізіледі.
32. Теңгедегі немесе шетел валютасындағы салым бойынша сыйақы мен негізгі борыш сомалары клиенттерге – жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және шарт талаптарына сәйкес қолма-қол ақшамен немесе аударым жасау арқылы Банкте немесе басқа Банкте ашылған банк шоттарына төленуі мүмкін.
33. Теңгедегі немесе шетел валютасындағы салым бойынша сыйақы мен негізгі борыш сомалары клиенттерге – заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және шарт талаптарына сәйкес Банкте немесе басқа Банкте ашылған ағымдағы банк шоттарына төленуі мүмкін.
34. Егер шартта өзгеше көзделмесе, банк өнімдерінің тиісті талаптарында және/немесе шарттың талаптарында белгіленген мөлшерде төмендетілмейтін қалдық сақталған жағдайда салымды орналастыру мерзімі ішінде салымнан ақшаны ішінара беруге жол береді.
35. Клиент келмеген және салымды орналастыру мерзімі өткеннен кейін оның сомасы талап етілмеген жағдайда, егер шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, шарттың қолданылу мерзімі ұзартылған күні қолданылып жүрген мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеле отырып, шарт автоматты түрде сол мерзімге, сол талаптарда ұзартылуы мүмкін.

5-тарау. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы шарттары

36. Банктің қарыз беруі Банктің ішкі кредит саясаты туралы ережелердің, ішкі нормативтік құжаттардың және жасалған шарттың негізінде, клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда және осы Ережелерде және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда мерзімділік, ақылылық, қайтарымдылық, сондай-ақ қамтамасыз етілу шарттарында жүзеге асырылады.
37. Кредиттер клиенттерге - жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ұсынылады.
38. Банк кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеулерде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шарттарда, сондай-ақ банк операциялары бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты тарату, оның ішінде оны жариялау кезінде белгілейді.
39. Сыйақы мөлшерлемесін есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

40. Қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы қарыз берілген күннен бастап оны толық өтеген күнге дейін күнтізбелік күндерде қарыз қаражатын нақты пайдаланған уақыт үшін 365-ке тең жылдағы күндер санына сүйене отырып, берешек қалдығына есептеледі.
41. Қарыз бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары жасалған шарттың талаптарына сәйкес айқындалады.
42. Қарызды қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар Банктің кепілдік саясатымен белгіленеді.
43. Банк берген кредиттерді қайтару және олар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелерінің орындалуы Азаматтық кодексі бойынша анықталған кепіл мүлкі ретінде клиенттің жылжымалы мүлкі – көлік құралы (ары қарай – кепіл мүлкі) қамтамасыз етілуі мүмкін.
44. Кепіл мүлкін сату Банктің ішкі құжаттары мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына негізделі отырып жүзеге асырылады.
45. Клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін қабылданатын кепіл мүлкіне Банк келесі талаптарды қояды:
Банкке берілетін кепіл мүлкі клиенттің меншігінде болуы тиіс, бұл ретте Банкке клиенттің кепіл мүлкіне меншік құқығын растайтын құжаттар және кепіл мүлкіне үшінші тұлғалар ешқандай талаптар мен шектеулер қоймағаны туралы тіркеу органының жазбаша растауы, сондай-ақ кепіл мүлкіне тыйым салынбағаны туралы растау берілуі қажет.
– кепіл мүлкі өтімді болуы тиіс. Қажет болған жағдайда Банк клиенттен аталған мүлікті тәуелсіз бағалаушы арқылы бағалауды талап етуге құқылы;
46. Банкке берілетін кепіл мүліктерінің түрлері мен тізбесі Банктің Кепіл саясаты бойынша анықталған.
47. Банктер туралы заңға сәйкес, клиент сақтандыру ұйымын және/немесе бағалаушыны өз қалауы бойынша таңдау құқығына ие.
48. Кепіл мүлкінің жойылуы немесе зақымдануы (немесе осындай жағдайлар туындау қауіпі болған жағдайда) немесе оған меншік құқығының Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе басқа міндетті актілер бойынша тоқтатылуы жағдайында, Банк талабымен клиент кепіл мүлкін басқа ауыртпалықсыз, өтімді және тең құнды мүлікпен ауыстыруға міндетті.
49. Клиенттерге кепілсіз қарыздар бойынша айлық есептік көрсеткіштің екі мың екі жүз еселенген сомасынан аспайтын және кепілмен берілетін қарыздар бойынша 15 000 000 теңгеден аспайтын қарыздарды беру Банктің скорингтік жүйесіне (кредиттік скорингті есептеу әдістемесіне сәйкес) негізделеді.

6-тарау. Төлем карточкаларын пайдалану операцияларының жалпы шарттары

50. Банк төлем карточкаларын шығаруды және оларға қызмет көрсетуді клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, жасалған шарттардың ішкі нормативтік құжаттарының негізінде жүзеге асырады.
51. Төлем карточкасы жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес ұсынылады.
52. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады және клиентке төлем карточкасын пайдалана отырып операциялар жүргізу үшін клиенттің банктік шотына қол жеткізу құралы ретінде беріледі. Төлем карточкасын пайдалана отырып қолжетімді операциялардың тізбесі төлем карточкалары бойынша банк өнімдерінің талаптарымен, төлем карточкаларын шығару және оларға қызмет көрсету туралы шартпен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.
53. Төлем карточкасын пайдалану, қайта шығару және одан бас тарту тәртібі, сондай-ақ төлем карточкасы бойынша берешекті өтеу жасалған шарттардың талаптарымен реттеледі.
54. Төлем карточкаларын шығарған кезде Банк клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес операцияларды, оның ішінде төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын операцияларды есепке алу үшін теңгемен ағымдағы шот ашады және оған қызмет көрсетеді.
55. Банк клиенттерге кредит карточкаларының келесі түрлерін ұсынады:

- 1) клиентке тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мақсаттарда пайдалануға мүмкіндік беретін дебет карточкасы;
- 2) клиентке төлемдерді жүзеге асыруға және қолма-қол ақшаны өз ақшасы мен кредиттік лимит шегінде алуға мүмкіндік беретін кредит карточкасы.

56. Кредиттік лимит шеңберінде кредит карточкасы бойынша кредиттер беру шарттары ішкі нормативтік құжаттармен, шартпен және осы Ережелердің 5-тарауымен реттеледі.

57. Егер шартта өзгеше көзделмесе, кредит карточкасы бойынша кредиттік лимиттің белгіленген сомасы шегінде кредит беру жаңартылатын негізде жүзеге асырылады, бұл ретте қолжетімді кредиттік лимиттің мөлшері кредит карточкасы бойынша өтелген негізгі борыштың сомасына қалпына келтіріледі.

58. Банктің өз қалауы бойынша Банкпен жасалған шарттарға сәйкес міндеттемелерді клиент тиісінше орындаған/орындамаған жағдайда, кредиттік лимиттің шекті сомасы шеңберінде кредиттік лимиттің бұрын белгіленген сомасын белгілеуге немесе өзгертуге құқығы бар. Кредиттік лимитті белгілеуді/өзгертуді Банк кезекті есептік күні жүзеге асырады.

7-тарау. Өзге операцияларды жүзеге асыру

59. Жоғарыда көрсетілген банктік операциялардан басқа, Банк уәкілетті орган берген лицензия негізінде келесі операцияларды теңгемен және шетел валютасымен жүргізуге құқылы:

ұлттық және шетел валютасындағы банк операцияларын:

1) есепке алу операцияларын: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алуға (дисконт);

2) кассалық операцияларды: ақшаны ұсақтау, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, орау және сақтауды қоса алғанда қолма-қол ақшаны қабылдау және беруге;

3) аударым операцияларын: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындауға;

4) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға;

5) инкассоға төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) қабылдауға;

6) аккредитивті ашу (ұсыну) және растау және ол бойынша міндеттемелерді орындауға;

7) ақшалай нысанда орындауды көздейтін банк кепілдіктерін беруге;

8) үшінші тұлғалар үшін ақшалай түрде орындалатын банктік кепілдіктер мен өзге міндеттемелерді беру;

ұлттық және шетел валютасындағы өзге операциялар:

1) лизингтік қызметті жүзеге асыруға;

2) меншікті бағалы қағаздарды шығаруға (акцияларды қоспағанда);

3) факторингтік операцияларды: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушыдан төлем талап ету құқығын сатып алуға;

4) форфейтингтік операцияларды (форфетирлеу): сатушыға айналымсыз вексель сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін төлеуге;

5) сейфтік операцияларды: құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құнды заттарын сақтау жөніндегі қызметтер, соның ішінде сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруге.

60. Осы Ережелердің алдыңғы тармағында көзделген қызметтен басқа, Банк келесі қызмет түрлерімен айналысуға құқылы:

1) Банктер мен банктік операциялардың белгілі бір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін қолданылатын мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы немесе қаржы ұйымдарының қызметінде қолданылатын басқа бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, енгізу және қолдау;

2) ақпарат жеткізгіштердің кез келген түрлерінде банк қызметі мәселелері бойынша арнайы

әдебиеттерді әзірлеуге;

3) өз мүлкін сату;

4) төлем карточкалары мен чек кітапшаларын шығару, өткізу және таратуға;

5) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен белгіленген тәртіппен қарыз алушылардың кепілге қойған мүлкін сату;

6) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңесшілік қызметтер көрсетумен;

7) банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың, не облигацияларды ұстаушылардың өкілі ретінде мүдделеріне өкілдік етумен;

8) банк-қаржы қызметі саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқытуды ұйымдастырумен;

9) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтіннің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру бойынша, сондай-ақ ақпараттандыру саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған кезде оның банктік қызметтерін пайдаланатын өз клиенттеріне қатысты тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау бойынша;

10) сақтандыру ұйымдарының — Қазақстан Республикасының резиденттерінің атынан сақтандыру шарттарын жасасумен;

11) электрондық ақшаны шығару, өткізу, сатып алу және өтеу, сондай-ақ электрондық ақшамен операциялар бойынша ақпаратты жинау және өңдеу жөніндегі қызметтерді ұсынумен;

12) Төлем жасаушы мен тауарлар, жұмыстар және қызметтер жеткізуші арасында делдалдық қызметтерді көрсету, оның ішінде тауарлар, жұмыстар және қызметтерді алу мен қашықтан төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету және банк жүйелерін, бағдарламаларын, инфрақұрылымын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру.

61. Банктің осы тарауда көрсетілген операцияларды жүргізуінің нақты шарттары Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және клиенттермен жасалатын шарттарда белгіленеді.

8-тарау. Клиент пен Банктің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

62. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен банк операцияларын және осы Ережелердің 7-тарауында көрсетілген өзге де операцияларды жүзеге асырады.

63. Банк пен клиенттердің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Ережелерге және жасалған шарттардың талаптарына сәйкес құқықтары мен міндеттері болады. Шарттарда және осы Ережелерде көзделген міндеттерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін Банк пен клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті шарттардың талаптарында көзделген жауаптылықта болады.

64. Клиент құқылы:

1) операцияларды жүзеге асыруға және шарт шеңберінде банктік қызметтерді алуға;

2) Банктен операциялар жүргізу бойынша кеңестер және шарт шеңберінде өзге де ақпарат алуға;

3) көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар орын алған жағдайда, Банкке жазбаша өтінішпен жүгінуге және жауап алуға;

4) шарт талаптарына сәйкес жазбаша түрде операциялар бойынша шағымдарымен Банкке жүгінуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

65. Клиент міндетті:

1) жеке басын куәландыратын құжат деректері, тұрғылықты мекенжайы, еңбек қызметі орындарының, төлем деректемелерінің, телефон нөмірлерінің деректері, сонымен бірге Банкке ұсынылатын басқа деректер өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды тараптармен келісілген байланыс құралдарының кез-келген бір түрімен немесе жазбаша түрде 3 (үш) банктік күн ішінде ұсынуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

66. Банк құқылы:

1) егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, клиент пен Банк арасында жасалған Шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, жасалған шарттың талаптарына сәйкес клиенттің банк шотынан өзі ұсынған банктік қызметтер үшін ақша сомасын немесе жасалған шарттың талаптарына сәйкес басқа да келісілген сомаларды, сондай-ақ клиенттің банк шотына қате есептелген кезде ақша сомасын акцептсіз тәртіппен алып қоюға;

2) клиентке жасалған шарттар бойынша, оның ішінде банк шотының жай-күйі, ол бойынша операциялар туралы мәліметтерді, сондай-ақ банктің қызметі, банк өнімдерінің шарттары мен қызметтері туралы кез келген ақпараттық материалдарды (оның ішінде хабарламаларды) ашық байланыс арналары арқылы ауызша немесе жазбаша нысанда беруге;

3) клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында сұрауға;

4) клиенттің тапсырмаларын орындау, сондай-ақ шарттарды орындау кезінде үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалануға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

67. Банк міндетті:

1) клиентке оның сұрауы бойынша Банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары, сондай-ақ Банктің тарифтері және (немесе) Банк өнімдерінің шарттары туралы ақпаратты веб-сайтта жариялау және/немесе Банктің үй-жайларында орналастыру арқылы беруге;

2) өз клиенттерінің банк операциялары бойынша құпияға кепілдік беруге. Банк қызметкерлері және өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты банк құпиясын құрайтын мәліметтерге қол жеткізген өзге де тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген негіздер бойынша және рұқсат етілген тұлғаларға банк құпиясын ашуды қоспағанда, оларды жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады;

3) клиентке банктік қызмет көрсетумен байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ақпаратты беруден бас тартпау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шарттарда белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

68. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шарт талаптарында өзгеше көзделмесе, Банктің шартты және (немесе) тарифтерді және (немесе) банк өнімдерінің талаптарын кез келген өзгертуі клиент үшін мұндай өзгерістер күшіне енген күннен бастап міндетті болып табылады. Егер клиент өзгерістермен келіспесе, Клиент тиісті банктік қызметтерді пайдаланудан бас тартуы керек.

69. Шарттарда Банктің және клиенттің жауапкершілігін болдырмайтын немесе шектейтін талаптар көзделуі мүмкін, мысалы, еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары, кінәнің болмауы, Шарттың қарама-қарсы тарапының тиісінше әрекет етпеуі және т. б.

9-тарау Клиенттермен жұмыс тәртібі туралы ереже және банктік қызмет көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімдері

70. Банктік қызметтер осы Ережелерге және Банктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ұсынылады.

71. Банк қызметін алу үшін клиент Банкке банктік қызмет көрсету туралы өтініш береді (қажет болған жағдайда өтініш беру).

72. Банк клиенттердің банктік қызметтің әрбір түрі бойынша банктік қызмет көрсету туралы өтініштерін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен қарайды.

73. Банктік қызметтерді ұсынған кезде Банк:

1) шартты жасамас бұрын клиентке келесі ақпаратты ұсынады:

мөлшерлемелер мен тарифтер, банктік қызмет көрсету туралы өтінішті қарау туралы ақпарат (қажет болған жағдайда өтініш берілген кезде);

